6) денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті органға және өзге де мемлекеттік органдарға Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген жағдайларда, өз құзыреті шегінде ресми сұрау салулар бойынша Сатып алу шарты және осы Шарт бойынша Қызметтер берушінің міндеттемелерінің орындалуы туралы, сондай-ақ осындай бұзушылықтарды қарау аталған мемлекеттік органдардың құзыретіне жататын бұзушылықтар фактілер анықталған жағдайда ақпарат жіберуге;

7) Қызметтер беруші медициналық қызметтер көлемін және қызметтерді Сатып алу шартында көзделген соманы орындамаған немесе болжамды орындамаған жағдайда, медициналық қызметтердің сапасы мен көлемі мониторингінің қорытындысы бойынша медициналық қызметтер көлемін және (немесе) Сатып алу шартының сомасын азайтуға

7-1) Қызметтер берушінің қызметіне араласпай, өндірістік базаға барумен, оның ішінде қажет болған жағдайда Қызметтер берушінің әкімшілік бөлімшесіне

барумен және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына және осы Шартқа қайшы келмейтін басқа да тәсілдермен көрсетілетін медициналық көмектің барысы мен сапасын кез келген уақытта тексеруге;

7-2) осы Шартқа және Қызметтерді сатып алу шартына өзгерістер және/немесе толықтырулар енгізу;

8) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында, қызметтерді сатып алу шартында және осы Шартта көзделген өзге де құқықтарды жүзеге асыруға құқылы.

5. Тараптардың жауапкершілігі

19. Осы Шарттың 15-тармағының 2), 21) және 23)-тармақшаларын қоспағанда, осы Шарттың 15-тармағында көзделген міндеттемелерді орындамау немесе тиісінше орындамау бойынша бұзушылықтар анықталған кезде Тапсырыс беруші Қызметтерді сатып алу шартының және осы Шарттың талаптарын орындаудың ағымдағы мониторингі шеңберінде әрбір бұзушылық фактісі үшін Қызметтерді сатып алу шартының жалпы сомасының 0,05% мөлшерінде тұрақсыздық айыбын есептейді, бұл ретте Қызметтер беруші тарапынан міндеттемелердің барлық бұзылғаны үшін тұрақсыздық айыбының жиынтық мөлшері бір қаржы жылы ішінде Қызметтерді сатып алу шартының жалпы сомасының 1% - ынан аспайды.

МӘМС шеңберінде қызметтер көрсету кезінде Тапсырыс беруші есептеген тұрақсыздық айыбын Тапсырыс берушімен ағымдағы қаржы жылында қызметтер көрсетуге орналастыру үшін пайдалануға жатады.

ТМҚКК шеңберінде қызметтер көрсету кезінде Тапсырыс беруші есептелген тұрақсыздық айыбы Қызметтер берушінің Республикалық бюджеттің кірісіне «Мұнай секторы ұйымдарынан түсетін түсімдерді қоспағанда, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі, оның республикалық бюджеттен қаржыландырылатын аумақтық органдары салатын әкімшілік айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар» 204119 кодына дербес есепке жатқызылуға жатады.

20. Тапсырыс беруші айыппұл санкцияларын Мониторинг қағидаларына және Ақы төлеу қағидаларына сәйкес қолданады. Медициналық қызметтердің сапасы мен көлемінің мониторингі нәтижелері бойынша Қызметтерді сатып алу шартының қолданылу кезеңінде ұсталған айыппұл санкцияларының сомалары Тапсырыс беруші ағымдағы қаржы жылында медициналық көмек көрсетуге орналастыру үшін пайдалануға жатады.

21. Алып тасталды.

22. Алып тасталды.

23. Осы Шарттың қолданылу мерзімінің аяқталуы Тараптарды осы мерзім аяқталғанға дейін орын алған оны бұзғаны үшін жауапкершіліктен босатпайды.

23-1. Қызметтер берушінің Қызметтерді сатып алу шарты және осы Шарт бойынша міндеттемелерінің бір бөлігін орындау үшін үшінші тұлғаларды тартуы оны осы Шарт және Қызметтерді сатып алу шарты бойынша міндеттемелерді орындау үшін жауапкершіліктен босатпайды.

6. Тараптардың өзара қарым-қатынастары тәртібі

24. Тапсырыс беруші мен Қызметтер беруші осы Шартты немесе Сатып алу шартын іске асыру кезінде, тікелей келіссөздер процесінде олардың арасында туындайтын келіспеушіліктер мен дауларды шешуге күш салады.

25. Осы Шарттан және Сатып алу шартынан туындайтын құқықтық қатынастар бойынша тікелей келіссөздер процесінде дау реттелмеген жағдайда Тапсырыс беруші мен Қызметтер берушінің Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына және Сатып алу қағидаларына сәйкес мұндай дауды шешуге құқығы бар.

7. Шартты және Сатып алу шартын өзгерту және бұзу

26. Алып тасталды.

27. Осы Шартқа кез келген өзгерістер және/немесе енгізілетін толықтырулар туралы Қызметтер берушіні хабардар ету ТМҚКК шеңберінде және МӘМС жүйесінде денсаулық сақтау субъектілерінің қызметтерін сатып алудың электрондық қызметтеріне қол жеткізудің бірыңғай нүктесін ұсынатын сатып алу веб-порталында және (немесе) Тапсырыс берушінің интернет-ресурсында өзгерістердің толық мәтінін міндетті түрде өзгерістер күшіне енгенге дейін үш жұмыс күнінен кешіктірмей жариялау арқылы жүзеге асырылады.

28. Көрсетілетін қызметтерді сатып алудың жасалған шартына өзгерістер енгізуге мынадай жағдайларда жол беріледі::

- 1) уәкілетті орган бекіткен тарифтер өзгергенде;
- 2) Қызметтерді сатып алу шартының және осы Шарттың талаптарын орындауға кедергі келтіретін жағдайларда Қызметтер беруші қызметті немесе медициналық көмек түрін тоқтата тұрғанда;
- 3) Қазақстан Республикасының 1994 жылғы 27 желтоқсандағы Азаматтық Кодексіне сәйкес қайта ұйымдастырылатын денсаулық сақтау субъектісі міндеттемелерінің құқықтық мирасқорлығы жағдайында Қызметтер берушіні қайта ұйымдастыруда;

4) Осы Шарт және Қызметтерді сатып алу шарты бойынша міндеттемелерді орындамаған, болжамды орындамаған немесе тиісінше орындамаған кезде медициналық көрсетілетін қызметтердің көлемі және (немесе) Сатып алу шартының сомасы азайған жағдайды қоса алғанда, Тапсырыс берушінің

көрсетілетін қызметтерді сатып алу шарты бойынша медициналық көрсетілетін қызметтердің көлемін және (немесе) тізбесін өзгерткенде;

5) Кодекстің 7-бабы 1-тармағының 100)- тармақшасы негізінде денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган бекітетін бұйрыққа сәйкес түпкілікті нәтиженің қол жеткізілген индикаторларына қарай Қызметтер берушінің қызметкерлерін ынталандыруға арналған соманың өзгеруінде (алғашқы медициналық-санитариялық көмек көрсететін қызметтер берушілер үшін қолданылады);

6) Қызметтерді сатып алу шарты және осы Шарт бойынша міндеттемелердің бір бөлігін орындаудан бас тартуда;

7) медициналық қызметтер мен қаржылық міндеттемелердің орындалуын салыстырып тексеруді жүргізу нәтижелері бойынша;

8) ТМККК және МӘМС шеңберінде сатып алу жоспары өзгерген жағдайда;

9) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында, оның ішінде Сатып алу қағидаларында, Ақы төлеу қағидаларында және осы Шартта көзделген өзге де жағдайларда жүзеге асырылады.

Қызметтерді сатып алу шартына кез келген өзгерістер және (немесе) толықтырулар шарт жасасу нысанында жасалады. Осы Шартқа кез келген өзгерістер мен толықтырулар Тараптардың осыған уәкілетті өкілдері қол қойған жағдайда ғана жарамды. 29. Қызметтерді сатып алу шарты Тараптардың келісімі бойынша да, бір жақты тәртіппен де мерзімінен бұрын бұзылуға жатады.

Сатып алу шарты мынадай негіздер бойынша біржақты тәртіппен бұзылуға жатады:

1) егер медициналық қызметтер көрсету саласындағы мемлекеттік бақылау нәтижелері бойынша денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган немесе өзге де мемлекеттік органдар тарапынан медициналық қызметтер көрсету саласындағы мемлекеттік бақылау нәтижелері бойынша:

Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес медициналық қызметке Қызметтер берушінің лицензиясының және (немесе) лицензияға қосымшаларының қолданылуын тоқтата тұру (кері қайтарып алу) немесе одан айыру (занды тұлғалар үшін);

Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес дара кәсіпкердің немесе заңды тұлғаның қызметін немесе қызметінің жекелеген түрлерін тоқтата тұру;

2) жоспарланып отырған көлемдерге арналған өтінімде (тиісті өндірістік базаның, лицензияның және осы Шарт және Сатып алу шарты бойынша тиісті медициналық қызметтер көрсетуге арналған лицензияға қажетті қосымшалардың болмауы), тиісті еңбек және материалдық ресурстардың медициналық жабдық/медициналық техника және т. б. және медициналық қызметтерді Сатып алу қағидаларына сәйкес орналастыру үшін негіз болып табылатын басқа да мәліметтерде анық емес ақпарат ұсыну фактісі анықталған кезде;

3) МАЖ-не қол жеткізбеу кезінде;

4) Тапсырыс берушінің талап етуі бойынша медициналық қызметтердің сапасы мен көлемі жөніндегі шарттық міндеттемелердің мониторингін Тапсырыс берушінің жүргізуі үшін Қызметтер берушінің немесе бірлесіп орындаушының аумағына Тапсырыс берушінің талап етуі бойынша қол жеткізуді қамтамасыз етпеген немесе қамтамасыз етпеген кезде;

5) Тапсырыс берушінің сұрау салуы бойынша медициналық қызметтердің сапасы мен көлемі бойынша шарттық міндеттемелердің мониторингін жүргізу үшін қажетті анық емес ақпарат пен құжаттама, оның ішінде нақты шығыстар туралы ақпарат берілмеген немесе ұсынылған кезде;

6) Тапсырыс берушінің талап етуі бойынша Сатып алу шарты бойынша міндеттемелерді орындау шеңберінде бірлесіп орындаушылар бойынша қажетті құжаттама (шарттардың, төлем құжаттарының көшірмелері, медициналық құжаттама және т. б.) берілмеген кезде);

7) Сатып алу шартына қосымша келісімге қол қоюдан үш жұмыс күні ішінде жалтарған кезде;

8) Қызметтер беруші тарифтердің мөлшерін өзгертуден, оларды қолданудан және таратудан, сондай-ақ сатып алынатын көрсетілетін қызметтердің көлемін және (немесе) көрсетілетін Сатып алу шарты бойынша сомаларды өзгертуден бас тартқан жағдайда;

8-1) Тараптардың бірі таратылған кезде;

8-2) осы Шартта көрсетілген сыбайлас жемқорлыққа қарсы ескертпелер бұзылған кезде;

9) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген өзге де жағдайларда.

Осы тармақтың екінші бөлігінің 1) – 9) тармақшаларында көзделген негіздер бойынша Сатып алу шартын бұзуды Тапсырыс беруші бір жақты тәртіппен Қызметтер берушіге ол бұзылғанға дейін күнтізбелік он бес күн бұрын тиісті хабарлама жіберу арқылы жүзеге асырады. Хабарлама жіберілген күннен бастап күнтізбелік он бес күн өткен соң Сатып алу шарты бұзылды деп есептеледі.

Қызметтер беруші осы Шарт және Сатып алу шарты бойынша міндеттемелерді орындаудан бас тартқан жағдайда, Қызметтер беруші себебін көрсете отырып, бұл туралы Тапсырыс берушіні хабардар етеді және Тапсырыс беруші осындай хабарламаны алғаннан кейін бір ай өткен соң Сатып алу шарты бұзылды деп есептеледі.

30. Осы Шарт немесе Сатып алу шарты ТМҚКК шеңберінде денсаулық сақтау субъектілерінің қызметтерін сатып алу және оған ақы төлеу саласындағы құқықтық қатынастарды реттейтін Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының нормаларын өзгерту немесе толықтыру нәтижесінде тоқтатылуы немесе өзгертілуі мүмкін. Бұл ретте, егер Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында өзгеше белгіленбесе, осы Шарттың және Сатып алу шартының қолданылуы тоқтатылады немесе осындай өзгерістер немесе толықтырулар күшіне енген күннен бастап өзгертіледі.

8. Еңсерілмейтін күш жағдайлары

31. Тараптар осы Шарт және Сатып алу шарты бойынша өз міндеттемелерін орындамағаны және (немесе) тиісінше орындамағаны үшін, егер мұндай орындамау және (немесе) тиісінше орындау табиғи және (немесе) техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды немесе төтенше жағдайлардың алдын алу жөніндегі іс-қимылдарды қоса алғанда, бірақ олармен шектелмей, еңсерілмейтін күш мән-жайларының әсері салдарынан мүмкін болмаса, жауапкершіліктен босатылады.

32. Еңсерілмейтін күш мән-жайларына жатпайды:

1) Қызметтер берушінің қасақана және абайсыз әрекеттерінен туындаған оқиғалар;

2) жеткізуші болжай алатын және еңсере алатын оқиғалар.

33. Еңсерілмес күш жағдайлары туындаған кезде Қызметтер беруші бір жұмыс күні ішінде Тапсырыс берушіге осындай жағдайлар мен олардың себептері туралы жазбаша хабарлама жібереді.

34. Еңсерілмейтін күш мән-жайларының дәлелі Қазақстан Республикасы уәкілетті органдарының еңсерілмейтін күш мән-жайларының туындауын растайтын ресми құжаттары болып табылады.

35. Уақтылы хабарламау Қызметтер берушіні осы Шарт бойынша жауапкершіліктен босататын негіз ретінде осы Шарттың 31-тармағында көзделген мән-жайларға сілтеме жасау құқығынан айырады.

36. Еңсерілмес күш жағдайлары тоқтатылғаннан кейін Қызметтер беруші осы Шарт бойынша міндеттемелерді орындауды дереу жаңартады және осы Шарттың 31-тармағында көзделген жағдайлар тоқтатылғаннан кейін үш жұмыс күні ішінде Тапсырыс берушіні жазбаша нысанда хабардар етеді.

9. Қорытынды ережелер және сыбайлас жемқорлыққа қарсы ескертпелер

37. Қызметтер сатып алу қағидаларында және осы Шартта көзделген тәртіппен дерекқордан бірлесіп орындаушыларды тартуды қоспағанда, Қызметтер берушінің осы Шарт пен Сатып алу шарты бойынша медициналық қызметтерді орындау жөніндегі өз міндеттемелерін толық, не ішінара беруге құқығы жоқ.37-1. Тараптар және олардың үлестес тұлғалары, қызметкерлері өз міндеттемелерін орындау кезінде осы Шарттың, пара беру/ алу ретінде заңнамамен Қызметтерді сатып алу шартының мақсаттары үшін сараланатын әрекеттерді, сондай-ақ қолданыстағы заңнаманың және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы халықаралық актілердің талаптарын бұзатын өзге де әрекеттерді жүзеге асырмайды.

37-2. Шарт жасасу және (немесе) орындау кезінде Тараптар, олардың үлестес тұлғалары, қызметкерлері шаруашылық қызметінде қандай да бір құқыққа қайшы артықшылықтарды сақтау немесе алу мақсатында осы тұлғалардың іс-әрекеттеріне немесе шешімдеріне ықпал ету үшін кез келген нысанда, тікелей де делдалдар арқылы қандай да бір ақша қаражатын немесе құндылықтарды төлеуді төлемейді, ұсынбайды және оларға рұқсат бермейді.

37-3. Тараптар медициналық көрсетілетін қызметтерді сатып алу шартын дайындауға және/немесе орындауға қатысатын тұлғалардың үлестестігі фактілері анықталған жағдайда бір-бірін дереу хабардар етуге міндеттенеді.

37-4. Тараптар мүдделер қақтығысын болдырмауға, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды шектеуге және жоюға, сыбайлас жемқорлыққа қарсы сипаттағы талаптар мен шектеулерді, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл қағидаттарын сақтауға ұмтылады.

37-5. Бір Тарап осы Шарттың осы бөлімінде тыйым салынған іс-әрекеттерден бас тарту міндеттемелерін бұзған жағдайда, екінші Тарап тиісті хабарлама жібере отырып, медициналық қызметтерді сатып алу шартын біржақты тәртіппен бұзуға құқылы.

38. Алып тасталды.

39. Осы Шартта және Сатып алу шартында реттелмеген бөлігінде Тараптар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасын басшылыққа алады.

40. Егер осы Шарттың және Сатып алу шартының талаптары Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының нормаларына қайшы келсе, онда мұндай жағдайда Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының нормалары қолданылады.

40-1. Тараптар дербес деректерді, құпия ақпаратты оларға заңсыз немесе кездейсоқ қол жеткізуден, дербес деректерді жоюдан, өзгертуден, бұғаттаудан, көшіруден, таратудан, сондай-ақ өзге де заңсыз әрекеттерден қорғау үшін қажетті ұйымдастырушылық және техникалық шараларды қабылдауға міндеттенеді. Егер Тараптардың бірі дербес деректерді өңдеуді үшінші тұлғаларға тапсырса, оған аталған тұлғалардың дербес деректердің құпиялылығын және дербес деректерді өңдеу кезінде олардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету міндеті жүктеледі.

40-2. Шарт тарапында осы талаптардың ықтимал бұзылуы туралы пайымдауға нақты негіздер туындаған жағдайда, ол бұл туралы екінші Тарапты қалыптасқан жағдай шешілгенге дейін шарттық міндеттемелердің орындалуын тоқтата тұру туралы мәселе қойылғанға дейін жазбаша хабардар етуге тиіс.

Қызметтерді сатып алу шарты бойынша алаяқтық және сыбайлас жемқорлық тәуекелі анықталған жағдайда тиісті Тарап хабарламаны алған сәттен бастап он күн ішінде тиісті Растауды қоса бере отырып, осы тәуекелдерді жою бойынша қабылданған шаралар туралы екінші Тарапқа хабарлауға тиіс.

41. Осы Шарт бірдей заңды күші бар мемлекеттік және орыс тілдерінде жасалды.

42. Осы Шартқа сәйкес екінші Тарапқа жіберілетін Тараптардың хабарламалары пошта байланысы, факс, веб-портал және өзге де коммуникация құралдары арқылы жіберіледі.

43. Осы Шарт оны Тапсырыс берушінің атқарушы органы бекіткен сәттен бастап күшіне енеді.

44. Осы Шарт Сатып алу шартының қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін немесе ол бұзылған кезден бастап өз қолданысын тоқтатады.

Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және (немесе) міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде қызметтерді сатып алуға қосылу шартына қосымша

Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде немесе міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде қызметтерін көрсетуге бірлесіп орындау шарты

№ _____

20__ жылдың " __ " _____

_____ (орналасқан жері)

_____ атынан _____, негізінде әрекет ететін _____, бұдан әрі «Тапсырыс беруші» деп аталатын, бір тараптан және _____, атынан _____, негізінде әрекет ететін _____, бұдан әрі «Бірлесіп орындаушы» деп аталатын, екінші тараптан, ал бұдан әрі бірлесіп «Тараптар» деп аталатын, «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 7 шілдедегі Кодексіне (бұдан әрі – Денсаулық туралы кодекс), «Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 16 қарашадағы № 405-V Заңына (бұдан әрі – МӘМС туралы заң) сәйкес осы тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі (бұдан әрі – ТМККК) шеңберінде немесе міндетті медициналық сақтандыру жүйесінде (бұдан әрі - МӘМС) қызметтерін көрсетуге арналған бірлесіп орындау шартын (бұдан әрі – Шарт) жасасты және мына төмендегілер туралы келісімге келді:

1. Шарттың Мәні

1. Бірлесіп орындаушы осы Шартқа қосымшаға сәйкес 20__ жылдың «__» _____ бастап 20__ жылдың «__» _____ дейін ТМККК шеңберінде немесе МӘМС жүйесінде медициналық қызметтерді тұтынушыларға қызметтерді (бұдан әрі – қызметтер) көрсетеді."

2. Көрсетілген қызметтер _____
(облыстың, республикалық маңызы бар қаланың немесе астананың/облыстың ауданының атауын көрсету)

аумағында _____ өндірістік базада көрсетіледі.

(Қызметтер берушінің медициналық қызметпен айналысуға арналған лицензияға қосымшаға сәйкес мекен-жайы көрсетіледі)

2. Төлем тәртібі

3. Көрсетілген қызметтер үшін Бірлесіп орындаушыға ақы төлеу жедел медициналық көмек, туберкулезбен ауыратын науқастарға, психикасының және мінез-құлқының бұзылулары (аурулары) бар адамдарға медициналық-әлеуметтік көмек көрсету кезінде Бірлесіп орындаушының көрсеткен қызметтерін қоспағанда, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің м. а. 2020 жылғы 30 қазандағы № ҚР ДСМ-170/2020 бұйрығымен бекітілген Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде ұсынылатын медициналық қызметтерге арналған тарифтер (бұдан әрі - тарифтер) мөлшерінен аспайтын тарифтер бойынша нақты көрсетілген қызметтер актілері негізінде жүзеге асырылады. Бірлесіп орындаушы аванс беру (алдын ала ақы төлеу) осы Шартқа сәйкес _____ теңге мөлшерінде осы Шартқа 2-қосымшада көрсетілген көрсетілген қызметтер актілері бойынша төлеуге қабылданған сомадан бұрын төленген авансты ұстап қалу кестесіне сәйкес аванстық (алдын ала) төлем төленген соманы кейіннен ұстап қалумен жүзеге асырылады.

Ескерту: осы Шарттың 3.1-тармағы Тапсырыс беруші мен Бірлесіп орындаушы арасындағы келісім бойынша инфекциялық сырқаттанушылықтың өсуі (эпидемия, карантин кезеңі) күрт өскен жағдайда ғана қолданылады

4. Қызметтерге ақы төлеу Шарттың жылдық сомасынан аспайтын сома шегінде жүргізіледі.

5. Бірлесіп орындаушы ай сайын Тапсырыс берушіге Кодекстің 69-бабының 2-тармағына сәйкес әзірленген тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және (немесе) міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде денсаулық сақтау субъектілерінің көрсетілетін қызметтеріне ақы төлеу қағидаларына (бұдан әрі – Ақы төлеу қағидалары) сәйкес көрсетілген қызметтердің тізілімін ұсынады.

6. Тапсырыс беруші осы Шарт талаптарының орындалуына мониторинг жүргізеді.

7. Тапсырыс беруші көрсетілген қызметтер тізілімін Бірлесіп орындаушымен келіскеннен кейін оған көрсетілген қызметтер актісін жібереді.

8. Тапсырыс беруші Бірлесіп орындаушыға төлемді Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» КЕАҚ-мен (бұдан әрі - Қор) есепті кезеңде көрсетілген қызметтер үшін төлеуді аударғаннан кейін бес жұмыс күні ішінде жүзеге асырады.

9. Төлем мерзімі Тапсырыс берушіге Қор төлемді уақтылы аудармаған жағдайда тоқтатыла тұруы мүмкін.

10. Осы Шартта көзделмеген Бірлесіп орындаушының шығыстарын Тапсырыс беруші өтемейді.

3. Тараптардың құқықтары мен міндеттері

11. Бірлесіп орындаушы:

1) Алып тасталды.

2) медициналық көмек көрсетудің сапасы мен тиімділігін жақсартуды қамтамасыз ете отырып, медициналық көмек көрсетуді ұйымдастыру стандарттарына, медициналық көмек көрсету қағидаларына, сондай-ақ клиникалық хаттамаларға сәйкес дәлелді медицинаның қағидаттарын, медициналық көмек көрсетуді ұйымдастыру тәртібін, стандарттарын және денсаулық сақтау ұйымдарының қызметін регламенттейтін денсаулық сақтау саласындағы нормативтік құқықтық актілерді басшылыққа ала отырып, сапалы медициналық көмек көрсетуге;

3) бекітілген аумаққа қарамастан, осы Шарттың барлық қолданылу мерзімі ішінде медициналық қызмет көрсетуді тұтынушыларға медициналық көмек көрсетудің қолжетімділігін, уақтылылығын, үздіксіздігін қамтамасыз етуге;

4) Алып тасталды.

4-1) «Рұқсаттар және хабарламалар туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес лицензияның және оларға қосымшалардың болуын, сондай-ақ көрсетілетін Қызметтерді сатып алу шартына сәйкес медициналық көмек көрсету үшін қажетті Денсаулық сақтау саласындағы маман сертификаттарының болуын қамтамасыз етуге;

5) тиісті салыстыру актісін қалыптастыра отырып, осы Шарт бойынша медициналық қызметтер мен қаржылық міндеттемелердің орындалуын салыстырып тексеруді жүргізуге;

6) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында белгіленген талаптарға сәйкес тиісті дәрілік заттарды (иммунобиологиялық, диагностикалық, дезинфекциялаушы) және медициналық бұйымдарды пайдалануға;

7) Тапсырыс берушінің талабы бойынша осы Шарт талаптарының орындалуына мониторингті жүзеге асыру үшін Тапсырыс беруші мен Қорға өндірістік базаға (-ларға) және қажет болған жағдайда әкімшілік бөлімге қол жеткізуді қамтамасыз етуге;

8) Тапсырыс берушінің сұратуы бойынша осы Шарт талаптарының орындалуына мониторингті жүзеге асыру үшін қажетті ақпарат пен құжаттаманы, оның ішінде нақты шығыстар туралы ақпаратты (шарттардың, төлем құжаттарының, медициналық құжаттаманың және т. б. түпнұсқалары және қажет болған жағдайда көшірмелері) беруге;

9) осы Шарт бойынша міндеттемелерді орындау үшін қаржы қаражатының болмауы немесе жеткіліксіз болу тәуекелдеріне жол бермеу жөніндегі шараларды қамтамасыз етуге;

10) қызметкерлерді Денсаулық сақтау министрлігінің және Қордың ақпараттық жүйелеріне (бұдан әрі – ақпараттық жүйесі қол жеткізу үшін ұйымдастыру техникасымен, ақпараттық жүйелерге қол жеткізу үшін байланыс арналарымен қамтамасыз ету;

11) ақпараттық жүйелерімен интеграциялау мүмкіндігімен бухгалтерлік және қаржылық есептің ақпараттық жүйелерінің болуын қамтамасыз етуге;

12) ақпараттық жүйелермен жұмыс істеуге жауапты ұйымдастыру техникасымен, кадрлармен қамтамасыз етуге;

13) Ақы төлеу қағидаларына сәйкес осы Шарттың талаптарын орындауға байланысты ақпараттық жүйелеріне және бірлесіп Орындаушының медициналық ақпараттық жүйелеріне (бұдан әрі - МАЖ) деректердің уақтылы, дұрыс және дұрыс енгізілуін қамтамасыз ету;

14) медициналық қызметтерді тұтынушыларға көрсетілген қызметтер бойынша дербес деректерге рұқсатсыз қол жеткізуді болдырмауды қамтамасыз ету;

15) осы Шарт бойынша міндеттемелерді орындаудың мүмкін еместігіне байланысты барлық жағдайлар мен себептер туралы Тапсырыс берушіні жазбаша нысанда дереу хабардар етуге;

16) Тапсырыс берушіні (мәліметтерді растайтын тиісті құжаттарды қоса бере отырып) хабардар етуге:

- сенімгерлік басқаруға беру немесе меншік иесінің өзге де өзгеру жағдайлары;

- ұйымның қызметін немесе медициналық қызмет түрін тоқтата тұру;

- тарату, қайта ұйымдастыру;

- ұйым атауының, орналасқан жерінің, өндірістік базаның және (немесе) банк деректемелерінің өзгеруі;

- осы Шарттың талаптарын орындауға кедергі келтіретін жағдайларда;

17) Осы Шартқа сәйкес берілген авансты (алдын ала ақы төлеуді) Осы шартқа қатаң сәйкес қолдану;

18) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында және осы Шартта көзделген өзге де міндеттерді орындауға міндетті.

12. Орындаушы:

1) Төлеу қағидаларына және осы Шарттың талаптарына сәйкес төлем алуға;

2) осы Шарттың талаптарын түсіндіру үшін Тапсырыс берушіге жүгіну;

3) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына және осы Шартқа сәйкес өзге де құқықтарды жасауға құқылы.

13. Тапсырыс беруші:

1) Ақы төлеу қағидаларына және осы Шартта көзделген тәртіппен және мерзімдерде Бірлесіп орындаушыға көрсетілген қызметтерге ақы төлеуді жүргізуге;

2) Бірлесіп орындаушының сұратуы бойынша осы Шарттың талаптары туралы түсіндіру жұмыстарын жүргізуге;

2-1) бірлесіп Орындаушының қызметіне араласпай, көрсетілетін медициналық көмектің барысы мен сапасын, оның ішінде Қор қызметкерлерімен бірлесіп өндірістік базаға бару арқылы және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына және осы Шартқа қайшы келмейтін басқа да тәсілдермен кез келген уақытта тексеруге міндетті.

3) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында және осы Шартта көзделген өзге де міндеттерді орындауға міндетті.

14. Тапсырыс берушінің:

1) көрсетілген медициналық қызметтердің осы Шарттың талаптарына сәйкестігін бағалау мақсатында осы Шарттың міндеттемелерін орындалуына мониторинг жүргізу;

2) Осы Шартта және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген тәртіппен осы Шартты бұзуға құқығы бар.

4. Тараптардың жауапкершілігі

15. Осы Шарттың 5)-тармақшаларын қоспағанда, осы Шарттың 11-тармағында көзделген міндеттемелерді орындамау немесе тиісінше орындамау бойынша бұзушылықтар анықталған кезде Тапсырыс беруші осы Шарттың талаптарын орындаудың ағымдағы мониторингі шеңберінде әрбір бұзушылық фактісі үшін Осы шартының жалпы сомасының 0,05% мөлшерінде тұрақсыздық айыбын есептейді, бұл ретте Бірлесіп орындаушы тарапынан міндеттемелердің барлық бұзылғаны үшін тұрақсыздық айыбының жиынтық мөлшері бір қаржы жылы ішінде Қызметтерді сатып алу шартының жалпы сомасының 1% - ынан аспайды.

16. Тапсырыс беруші Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне сәйкес айыппұл санкцияларының сомаларын ұстап қалуды жүргізеді.

17. Бірлесіп орындаушы ақы төлеу үшін құжаттарды уақтылы бермеген жағдайда Тапсырыс беруші осы Шарт бойынша төлемдерді кейінге қалдыру құқығын өзіне қалдырады.

18. Осы Шарттың қолданылу мерзімінің аяқталуы Тараптарды осы мерзім аяқталғанға дейін орын алған оны бұзғаны үшін жауапкершіліктен босатпайды.

5.Тараптардың өзара қарым-қатынастары тәртібі

19. Тапсырыс беруші мен Бірлесіп орындаушы Осы шартты іске асыру кезінде, тікелей келіссөздер процесінде олардың арасында туындайтын келіспеушіліктер мен дауларды шешуге күш салады.

20. Осы Шарттан туындайтын құқықтық қатынастар бойынша дау реттелмеген жағдайда Тапсырыс беруші мен Бірлесіп орындаушының Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына және Сатып алу қағидаларына сәйкес мұндай дауды шешуге құқығы бар.

6. Шартты өзгерту және бұзу

21. Осы Шартқа өзгерістер енгізуге мынадай жағдайларда жол беріледі: 1) уәкілетті орган бекіткен тарифтер өзгерген;

2) осы Шарттың талаптарын орындауға кедергі келтіретін жағдайларда Бірлесіп орындаушы қызметті немесе медициналық көмек түрін тоқтата тұру;

3) Қазақстан Республикасының 1994 жылғы 27 желтоқсандағы Азаматтық Кодексіне сәйкес қайта ұйымдастырылатын денсаулық сақтау субъектісі міндеттемелерінің құқықтық мирасқорлығы жағдайларында Бірлесіп орындаушы қайта ұйымдастырылған;

4) осы Шарт бойынша міндеттемелерді орындамаған, болжамды орындамаған немесе тиісінше орындамаған кезде медициналық қызметтердің көлемі және (немесе) осы Шарттың сомасы азайған жағдайларды қоса алғанда, Тапсырыс берушінің осы Шарт бойынша медициналық қызметтердің көлемін және (немесе) тізбесін өзгерткен;

5) осы Шарт бойынша міндеттемелердің бір бөлігін орындаудан бас тарту;

6) медициналық қызметтер мен қаржылық міндеттемелердің орындалуын салыстырып тексеруді жүргізу нәтижелері бойынша;

7) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында, оның ішінде Сатып алу қағидаларында, Ақы төлеу қағидаларында және осы Шартта көзделген өзге де жағдайларда.

Осы Шартқа кез келген өзгерістер мен толықтырулар осы Шартты жасасу нысанында жасалады. Осы Шартқа кез келген өзгерістер мен толықтырулар Тараптардың уәкілетті өкілдері қол қойған жағдайда ғана жарамды болады.

Осы Шартқа өзгерістер және (немесе) толықтырулар қосымша келісім жасасу жолымен енгізіледі.

22. Шарт бұзылуға жатады ретінде тараптардың келісімі бойынша және бір жақты тәртіппен.

Шарт мынадай негіздер бойынша біржақты тәртіппен бұзылуға жатады:

1) егер медициналық қызметтер көрсету саласындағы мемлекеттік бақылау нәтижелері бойынша денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган немесе өзге

де мемлекеттік органдар тарапынан медициналық қызметтер көрсету саласындағы мемлекеттік бақылау нәтижелері бойынша:

Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес бірлесіп Орындаушының Медициналық қызметке лицензиясының және (немесе) лицензияға қосымшасының қолданысын тоқтата тұру немесе одан айыру (қайтарып алу);

Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес бірлесіп Орындаушының қызметін немесе жекелеген қызмет түрлерін тоқтата тұру; 2) Алып тасталсын

3) МАЖ-не қол жеткізбеу кезінде;

4) Тапсырыс берушінің талабы бойынша Тапсырыс берушінің немесе Қордың осы Шарт талаптарының шарттық орындалуына мониторингін жүргізу үшін Бірлесіп орындаушының аумағына қол жеткізуін қамтамасыз етпеген немесе қамтамасыз етпеген кезде;

5) Тапсырыс берушінің немесе Қордың сұратуы бойынша медициналық қызметтердің сапасы мен көлемі жөніндегі шарттық міндеттемелердің мониторингін жүргізу үшін қажетті анық емес ақпарат пен құжаттама, оның ішінде нақты шығыстар туралы ақпарат берілмеген немесе ұсынылған кезде;

6) осы Шартқа қосымша келісімге қол қоюдан үш жұмыс күні ішінде жалтарған кезде;

7) Бірлесіп орындаушы тарифтердің мөлшерін өзгертуден, оларды қолданудан және таратудан, сондай-ақ сатып алынатын қызметтердің көлемін және (немесе) осы Шарт бойынша сомаларды өзгертуден бас тартқан жағдайда;

7-1) Тараптардың бірі таратылған кезде;

7-2) осы Шартта көрсетілген сыбайлас жемқорлыққа қарсы ескертпелер бұзылған кезде;

8) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген өзге де жағдайларда.

Осы Шартты осы тармақтың екінші бөлігінің 1) – 8) тармақшаларында көзделген негіздер бойынша бұзуды Тапсырыс беруші бір жақты тәртіппен Бірлесіп орындаушыға ол бұзылғанға дейін күнтізбелік он бес күн бұрын тиісті хабарлама жіберу арқылы жүзеге асырады. Хабарлама жіберілген күннен бастап күнтізбелік он бес күн өткен соң қызметтерді сатып алу шарты бұзылды деп есептеледі.

Бірлесіп орындаушы осы Шарт бойынша міндеттемелерді орындаудан бас тартқан жағдайда, Бірлесіп орындаушы себебін көрсете отырып, бұл туралы Тапсырыс берушіні хабардар етеді және Тапсырыс беруші осындай хабарламаны алғаннан кейін бір ай өткен соң осы шарт бұзылды деп есептеледі.

23. Осы Шарт ТМККК шеңберінде немесе МӘМС шеңберінде денсаулық сақтау субъектілерінің қызметтерін сатып алу және оған ақы төлеу саласындағы құқықтық қатынастарды реттейтін Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының нормаларын өзгерту немесе толықтыру нәтижесінде тоқтатылуы немесе өзгертілуі мүмкін. Бұл ретте, егер Қазақстан Республикасының

қолданыстағы заңнамасында өзгеше белгіленбесе, осы Шарттың қолданылуы тоқтатылады немесе осындай өзгерістер немесе толықтырулар күшіне енген күннен бастап өзгертіледі.

7. Еңсерілмейтін күш жағдайлары

24. Тараптар осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамағаны және (немесе) тиісінше орындамағаны үшін, егер мұндай орындамау және (немесе) тиісінше орындау табиғи және (немесе) техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды немесе төтенше жағдайлардың алдын алу жөніндегі іс-қимылдарды қоса алғанда, бірақ олармен шектелмей, еңсерілмейтін күш мән-жайларының әсері салдарынан мүмкін болмаса, жауапкершіліктен босатылады.

25. Еңсерілмейтін күш мән-жайларына жатпайды:

1) Бірлесіп орындаушының қасақана және абайсыз әрекеттерінен туындаған оқиғалар;

2) Бірлесіп орындаушы болжай алатын және еңсере алатын оқиғалар.

26. Еңсерілмейтін күш жағдайлары туындаған кезде Бірлесіп орындаушы бір жұмыс күні ішінде Тапсырыс берушіге осындай жағдайлар мен олардың себептері туралы жазбаша хабарлама жібереді.

27. Уақтылы хабарламау Бірлесіп орындаушыны осы Шарт бойынша жауапкершіліктен босататын негіз ретінде осы Шарттың 24-тармағында көзделген мән-жайларға сілтеме жасау құқығынан айырады.

28. Еңсерілмес күш жағдайлары тоқтатылғаннан кейін Бірлесіп орындаушы осы Шарт бойынша міндеттемелерді орындауды дереу жаңартады және осы Шарттың 24-тармағында көзделген жағдайлар тоқтатылғаннан кейін үш жұмыс күні ішінде Тапсырыс берушіні жазбаша нысанда хабардар етеді.

8. Қорытынды ережелер және сыбайлас жемқорлыққа қарсы ескертпелер

29. Бірлесіп орындаушының осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін толық не ішінара беруге құқығы жоқ.

29-1. Тараптар және олардың үлестес тұлғалары, қызметкерлері өз міндеттемелерін орындау кезінде осы Шарттың, пара беру/ алу ретінде заңнамамен Қызметтерді сатып алу шартының мақсаттары үшін сараланатын әрекеттерді, сондай-ақ қолданыстағы заңнаманың және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы халықаралық актілердің талаптарын бұзатын өзге де әрекеттерді жүзеге асырмайды.

29-2. Шарт жасасу және (немесе) орындау кезінде Тараптар, олардың үлестес тұлғалары, қызметкерлері шаруашылық қызметінде қандай да бір құқыққа қайшы артықшылықтарды сақтау немесе алу мақсатында осы тұлғалардың іс-

әрекеттеріне немесе шешімдеріне ықпал ету үшін кез келген нысанда, тікелей де делдалдар арқылы қандай да бір ақша қаражатын немесе құндылықтарды төлеуді төлемейді, ұсынбайды және оларға рұқсат бермейді.

29-3. Тараптар медициналық көрсетілетін қызметтерді сатып алу шартын дайындауға және/немесе орындауға қатысатын тұлғалардың үлестестігі фактілері анықталған жағдайда бір-бірін дереу хабардар етуге міндеттенеді.

29-4. Тараптар мүдделер қақтығысын болдырмауға, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды шектеуге және жоюға, сыбайлас жемқорлыққа қарсы сипаттағы талаптар мен шектеулерді, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл қағидаттарын сақтауға ұмтылады.

29-5. Бір Тарап осы Шарттың осы бөлімінде тыйым салынған іс-әрекеттерден бас тарту міндеттемелерін бұзған жағдайда, екінші Тарап тиісті хабарлама жібере отырып, осы Шартты біржақты тәртіппен бұзуға құқылы.

30. Алып тасталды.

31. Осы Шартпен реттелмеген бөлігінде Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасын басшылыққа алады.

Егер осы Шарттың талаптары Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының нормаларына қайшы келсе, онда мұндай жағдайда Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының нормалары қолданылады.

32. Осы Шарт бірдей заңды күші бар мемлекеттік және орыс тілдерінде жасалды.

33. Осы Шартқа сәйкес екінші Тарапқа жіберілетін Тараптардың хабарламалары почта байланысы, факс және өзге де коммуникация құралдары арқылы жіберіледі.

34. Осы Шарт қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді және 20__ жылдың «__» _____ бастап 20__ жылдың «__» _____ дейін қолданылады:

9. Тараптардың мекенжайлары мен деректемелері

Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және (немесе) міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде

қызметтерді көрсетуге бірлесіп орындау _____
жылғы «__» _____
№ _____

шартына

1-қосымша

Приложение 1

к договору соисполнения на оказание услуг
в рамках гарантированного объема бесплатной
медицинской помощи и (или) в системе
обязательного социального медицинского
страхования от «__» _____ года

№ _____

Нысан

Сатып алынатын қызметтердің тізбесі

Перечень закупаемых услуг

№ п/п	Тарификатор бойынша коды Код по тарификатору	Қызметтің атауы /Наименование услуги	Қызмет саны/Количество услуг	Қызмет құны Стоимость услуги	Сомасы, тенге /Сумма, тенге

Тапсырыс беруші
Заказчик

(тапсырыс берушінің атауы)
(наименование заказчика)

(Басшының немесе онымен уәкілетті тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)/қолы)
(Руководитель или уполномоченное им лицо, фамилия, имя, отчество (при его наличии)/подпись)
(қағаз жеткізгіштегі шарттар үшін)
(для договоров на бумажном носителе)

Мөр орны (бар болса)
Место печати (при наличии)
(қағаз жеткізгіштегі шарттар үшін)
(для договоров на бумажном носителе)

Бірлесіп орындаушы
Соисполнитель

(Бірлесіп орындаушының атауы)
(наименование соисполнителя)

(Басшының немесе онымен уәкілетті тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)/қолы)
(Руководитель или уполномоченное им лицо, фамилия, имя, отчество (при его наличии)/подпись)
(қағаз жеткізгіштегі шарттар үшін)
(для договоров на бумажном носителе)

Мөр орны (бар болса)
Место печати (при наличии)
(қағаз жеткізгіштегі шарттар үшін)
(для договоров на бумажном носителе)

Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және (немесе) міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде

қызметтерді көрсетуге бірлесіп орындау _____ жылғы «__» _____

№ _____

шартына

2-қосымша

Приложение 2

к договору соисполнения на оказание услуг

в рамках гарантированного объема бесплатной медицинской помощи и (или) в системе обязательного социального медицинского страхования от «__» _____ года

№ _____

Нысан

Көрсетілген қызметтер актілері бойынша ақы төлеуге қабылданған сомалардан бұрын төленген авансты ұстап қалу кестесі

График удержания ранее выплаченного аванса из сумм, принятых к оплате по актам оказанных услуг

№ р/с № п/п	Аванс ұсталынатын ай атауы Наименование месяца, с которого удерживается аванс	Сомасы, теңгемен Сумма, в тенге
1	2	3
1.		
2.		
	Итого	

Тапсырыс беруші
Заказчик

(тапсырыс берушінің атауы)
(наименование заказчика)

(Басшының немесе онымен уәкілетті тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)/қолы)
(Руководитель или уполномоченное им лицо, фамилия, имя, отчество (при его наличии)/подпись)
(қағаз жеткізгіштегі шарттар үшін)
(для договоров на бумажном носителе)

Мөр орны (бар болса)
Место печати (при наличии)

Бірлесіп орындаушы
Соисполнитель

(Бірлесіп орындаушының атауы)
(наименование соисполнителя)

(Басшының немесе онымен уәкілетті тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)/қолы)
(Руководитель или уполномоченное им лицо, фамилия, имя, отчество (при его наличии)/подпись)
(қағаз жеткізгіштегі шарттар үшін)
(для договоров на бумажном носителе)

Мөр орны (бар болса)
Место печати (при наличии)

(қағаз жеткізгіштегі шарттар үшін)
(для договоров на бумажном носителе)

(қағаз жеткізгіштегі шарттар үшін)
(для договоров на бумажном носителе)